3 место в Республиканском конкурсе «Лучший открытый урок»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚОСТАНАЙ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ

АШЫҚ САБАҚТЫҢ ӘЗІРЛЕМЕСІ

РАЗРАБОТКА ОТКРЫТОГО ЗАНЯТИЯ

Пән \ предмет қазақ тілі

Тақырып \ тема «Менің отбасым. Зат есімнің жалғаулары»

Мамандығы \ специальность « 0518000 Есеп және аудит »

Курсы \ курс 1

Топ \ группа 1Б -7

Оқытушы \ преподаватель Бексултанова Алма Кабдырахмановна

Қостанай 2015 ж

Сабақтың тақырыбы: **Менің отбасым. Зат есімнің жалғаулары.**

Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** оқушыларды ауызекі сөйлеу тілінде көптік, тәуелдік септік, жіктік , жалғауларын , дұрыс жалғау жолдары тұрғысынан түсіндіре отырып, үйрету, практикалық жолмен меңгерту.
- **Дамытушылық:** сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге үйрету. Әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру. Оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.
- **Тәрбиелік:** бір отбасындағы адамдар арасындағы тату қарым-қатынасты қалыптастыру. Бір-біріне қамқор болуға,өз отбасын мақтан ете білуге тәрбиелеу.Отбасына байланысты сөздермен сөздік қорларын көбейту.Отбасындағы өзара сыйластыққа баулу. Оқушыларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, ана тілін қадірлеуге, тіл тазалығын сақтауға үйрету.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың әдіс-тәсілдері: коммуникативтік технологияның элементтері, өзін-өзі тану пәнінің элементтері, жеке жұмыс,топпен жұмыс, ізденіс,сұхбат,жатқа айту,әңгімелеу, ой қозғау;

Пәнаралық байланыс: өзін-өзі тану, қазақ әдебиеті, орыс тілі, валеология;

Сабақтың көрнеклігі : Microsoft Power Point программасында безендірілген презентация, түсіндірме сөздік, тірек-сызба, ақпарат материалдары, сөздіктер,үлестірмелі қағаздар,ватман,отбасының фотосүреттері,маркерлер,түсті қағаздар, клей.

Сабақтың барысы:

Сабақ әнұранмен басталады. ***2 мин***

І . Ұйымдастыру кезеңі:

Сабақтың ұраны: «Ұяда не көрсең ұшқанда соңы ілерсің»

Сәлемдесу.Түгендеу. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. Оқушыларды екі топқа бөлу. Психологиялық дайындық жүргізу.

Сабақтың негізгі қойылған мақсаттарымен таныстыру. Өткен тақырыпқа шолу жасау:

Морфология нені зерттейді? ***3мин***

Сөз құрамына не жатады?

Жұрнақтың неше түрі бар?

Қосымшалар дегеніміз не?

Сөздерге морфологиялық талдау жаса:

Суретші, орындық,оқушымен, ойнаған, кеспе,

баласы, үшқыш, шегеле, ағашты, уақытта, батырша,

дерекке ,оқушымын, әжемнің, тасбақа, шекараға.

1. Сіздер үшін отбасы не?
2. Неліктен адамға отбасы қажет ?

3. Отбасы кімнен тұрады?

1) Үй тапсырманы сұрау: Оқушылардың отбасы туралы дайындаған презентацияларын тыңдау. ***4 мин***

II) Негізгі бөлім: Жаңа тақырыпты түсіндіру. ***16 мин***

Интерактивтік тақтада жұмыс жасау

1 тапсырма Тиісті жалғауларды жалғап, орыс сөздерін қазақшалаңыздар.

- 1. Арман... қалам... у меня. .
- 2.Әйгерім... үй... этот. .
- 3. Ораз... мектеб... хорошая. .
- 4. Мақсат... мекеме... қала... шет... нде.
- 5. Айнұр... ата-анасы – пожилые люди. .
- 6. То – институт... кітапхана...
- 7. То - Әсел... сыныб... .
- 8.Университет... студенттер... на уроке казахского языка. .
- 9.Әкем... последняя кітаб... превосходна.
- 10. Ләззат... әжес... прекрасный человек.
- 11. Абай... өлеңдер... прекрасны.

- 12. Шешесі... шәлі лежит на диване.

Оқытушының сөзі:
Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауында әр қазақстандық отбасының әл-ауқатын жақсартуға, қазақстандықтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар міндеттелді..Сонымен қатар,бала тәрбиесінде адамгершілік, азаматтық пен отаншылдықтың жоғары сезімін қалыптастыруға, отбасы құндылықтары мен әдет-ғұрыптарды нығайту жұмыстарына көп көңіл бөлді.
«Балалар – біздің ертеңіміз. Олардың қандай азамат болып шығатыны біздің бүгінгі берген тәрбиемізге тікелей байланысты.» деп Нұрсұлтан Әбішұлы өз жолдауында айтып кеткен.

III. 1- топ Мәтінмен жұмыс

Мәтінге ат қою. Сөздікпен жұмыс. Мазмұның ашу. Интерактивтік тақтада жұмыс жасау. Мәтіндегі сөздердің жалғаулардың түрін анықтау.

Отбасында ер адам-басты тұлға. Әйел-оның серігі,көмекшісі. Сондықтан да үйдегі бар істі ер адам басқарып отыруға тиіс. Әйел адамның жұмысы –бала тәрбиелеу,отбасын тамақтандыру,үйді таза ұстау. Балалар жас кезінен отбасы жұмысына қатысу керек.Отбасын қаржымен қамтамасыз ету-ер адамның міндеті.Әйел адамның жұмысы істемегені дұрыс,себебі бала тәрбиесіне көп уақыт қажет болады.Отбасының бірлігі әйелде де, ер адамға да байланысыты. Балалар жас кезінен үлкендерді сыйлап,олардың айтқандарын есте сақтап,орындап отыруға тиіс.

Оқушылармен сұхбат*: Қазіргі заманда XXI ғасырда ,осындай пікірмен келісесіңдер ме? Үйде кім не жұмыспен айналысуға тиіс деп ойлайсыз?*

2 топ Мәтінмен жұмыс

Мәтінге ат қою. Сөздікпен жұмыс. Мазмұның ашу. Интерактивтік тақтада жұмыс жасау. Мәтіндегі сөздердің жалғаулардың түрін анықтау.

Тарихқа көз жүгіртсек,халқымыз ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесін,бай,рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланған.Оның ішінде қыз бала тәрбиесіне ерекше мән бере,үміт арта,серек қараған.Оларға биік жауаптылық жүктеп,келелі кепілдікпен тағылым дарытқан. Қыз баланың әдептілігі оның сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынынан,өзін-өзі ұстай білуіннен,барлық жүріс-тұрысынан көрінуін талап еткен. Халқымыздың осындай талаптарының жоғарылығынан ба,солай тәрбие алғандықтан ба,қазақ қыздары көбінесе биязы, ілтипатты, инабатты**,** сүйкімді болып өскен.

IV. Отбасы туралы, тәрбие туралы тақпақ , мақал-мәтел айту, жарысу
4 мин

V. «Ана жүрегі» клипін көрсету. Ой-қозғау. ***5 мин***

VI. **Шығармашылық жұмыс** Фотогаллерияны жасау. ***7 мин***
Әр топ отбасындағы фотосуреттерін ватманға жапсырады,фотогаллерияны жасайды. Оқушылар өз жұмыстарын көрсетіп, түсіндіреді....

VII. **Ойын-жаттығу . «Сөйлемді жалғастыр»** ***2 мин***

Егер қазір сабаққа сіздердің жақын адамдарыңыз келсе ,сіздер не айтар едіңіз..... Сөйлемдерінде септік,жіктік,тәуелдік,көптік жалғауларын қолдану.

VIII Сабақты қортындылау. Ереже бойынша сұрақтар қою. Оқушыларды бағалау.
1 мин

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды, белгілеп,бағаларын айту.

Отбасы-сыйластық,жарастық орнаған орта. Отбасы-бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының қызығы алтын тіреу діңгегі –бала. Баланың тәрбиелі өсуіне берекелі отбасының әсері мол.Отбасының әрбір мүшесі,өзара сөйлесіп,не болмаса ата-ананың баланың міндетін атқару емес,береке-бірлік,сүйіспеншілікпен араласса,босағасы берік,шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Үй тапсырманы беру: «**Біздің демалыс күніміз»** деген тақырыпқа шағын эссе жазып келу.

IX . Жүректен жүрекке.

-Қазақстан Республикасы қандай мерекені тойламақ ?
-Колледжде мерекеге байланысты қандай іс-шаралар өткізуде?
Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты елміз.
Дана халқымызда «Игілік басы - ынтымақ» деген қанатты сөз бар.
Ендеше, тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын! ***1мин***

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұрзалина.Б., Нұркеева.С., Нұрғазина.Г., Қазақ тілі ересектерге арналған жеделдетіп оқыту құралы. Алматы,2003 ж.
2. Джунусбекова. К., Казахский язык пособие для неязыковых групп и факультетов вузов. Алматы. 2005 г.

3. Оралбаева. Н., Әбдіғалиева,. Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі, Алматы.1993 ж.
4. Кожахметқызы. Х., Нұрғалиқызы. Н. Алматы 1992 ж.


үйдегі бар істі
ер адам басқарып отыруға тиіс.
Отбасының бірлігі әйелде де
ер адамға да байланысыты.
Отбасы
ер адам-басты тұлға
Әйел адамның
жұмысы
істемегені
дұрыс
балалар жас кезінен отбасы
жұмысына қатысу керек.

Оқушылар 21 ғасырдың отбасының ролі мен міндеттері туралы бос қалған жерлерге толықтырып өз пікірлерін жазады

Қыз тәрбиесіне тағы қандай пікірлері бар екенің бос жерге толтырып жазады



Қыз бала кім?